

«LauRus» бөбекжай гимназиясы

Ашық сабақ

Тақырыбы: «Мен не үйрендім?»

«Айналайын», «Еркемай», «Балдырған» тобы

Домбыра жетекшісі: Тулеугалиева Назерке

Ерболатқызы

2023-2024 оқу жылы

Сабақтың тақырыбы: «Мен не үйрендім?»

Сабақтың мақсаты: Балаларға ұлттық аспап домбыра туралы тереңірек түсінік беру. Домбыраның құрылысымен танысу және домбыра туралы мағлұмат беру. Домбыраның дыбыстық үнін айыра білу үшін, ырғақты жаттығулар жасату, есту арқылы есте сақтауларын жаттықтыру және ойша көз алдына елестете білуге үйрету. Көру арқылы есте сақтауды, қиялды жетілдіру, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру, жаттығулар арқылы зейінділікті жаттықтыру. Әдемілікке тәрбиелеп, ұлттық аспабымыз домбыраға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілік: Домбыра аспабы, суреті, тапсырмалар жазылған конверттер.

Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен 3 тілде амандасу.

-Сәлеметсіз бе?!

-Здравствуйте?!

-Good afternoon?!

Оқушылармен сұрақ-жауап:

-Балалар, көңіл-күйлерін қалай?

-Біз танысқан аспап атауы қалай аталады?

Оқушылар орындыққа отыру ережесімен отырады.

Әр оқушы домбыра құрылысын және ноталарды жатқа айтып өтеді.

Домбыра құрылысы: басы, құлағы, мойыны, пернелері, екі ішегі, ойығы, үлкен тиегі, шанағы, түймесі.

Нота: -до, -ре, -ми, -фа, -соль, -ля, -си

Өткен сабақта берілген тапсырма бойынша оқушылар соль ішегіндегі ноталарды жатқа айтты.

Алма-кезек қағыс соғып, сұқ саусағымен төменге қағыс, бас бармақпен жоғарыға қағыстар соқты.

Тапсырма: Оқушылар домбыра суреті бейнеленген конверттерді таңдап, тапсырма орындады. Тапсырма домбыра құрылысы туралы, конверт артында жасырылған домбыра құрылысын тауып, аспапта қай жерде орналасқанын көрсетті.

Сергіту сәті:

«Жаттығуды қайтала»

Оқушылар түрлі қол қимылдарын қайталап, жаттығулар жасайды.

Сабак барсында оқушылар соль ішегіндегі ноталарды жалғастырып, орналасу ретін жаттады.

Қорытынды: Домбыра аспабы атадан қалған мұрамыз, ұлттық аспабымыз.

Балалар, бүгін сендер жарадыңдар. Домбыра құрылысын, ноталарды өте жақсы меңгердіңдер. Бүгінгі ашық сабағымызды аяқтаймыз. Сау болыңыздар.

Оқушылар: -Сау болыңыз!

-До свидания!

- Good bye!